

Жер салығының базалық мөлшерлемесін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі № 275 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 тамызда № 5084 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 3 наурыздағы № 74 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 03.03.2017 № 74 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінің 378-бабында белгіленген жер салығының мөлшерлемесі бес есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық
мәслихатының кезекті
41-сессиясының төрағасы

_____ М. Ибраев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Қармақшы ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Қ. Сүлейменов _____
"23" шілде 2015 жыл

Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы

_____ М. Наятұлы